



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№1 (108)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексеналыұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан Зейноллаұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD докторы (Қазақстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD докторы (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҒҰЛЫ
Берік

– Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналыевич

– PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан Зейноллаулы

– PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD доктор (Казахстан)

КАРА
Абдукап

– Доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

<i>Базылхан Н.</i> Түрік дәуірінің ғұрыптық кешендері мен бедіз-тас мүсіндері: этномәдени сипаттамасы <i>Bazylkhan N.</i> Memorial Complexes and Stone Sculptures-Bediz: Ethnocultural Characteristics of the Turkic Period <i>Базылхан Н.</i> Поминальные комплексы и каменные изваяния-бедиз: этнокультурная характеристика тюркского периода.....6

Этнология / Ethnology /Этнология

<i>Абдукамалова Э.С.</i> Қазақтардың темір ұсталығына қатысты сакралды ұғымдағы тілдік бірліктердің этномәдени семантикасы <i>Abdukamalova E.S.</i> Ethnocultural Semantics of Linguistic Units of Sacred Significance Associated with Blacksmithing among Kazakhs <i>Абдукамалова Э.С.</i> Этнокультурная семантика языковых единиц сакрального значения, связанных с кузнечным ремеслом у казахов.....30
<i>Алиев А., Аманова Б.</i> Қарабах халқының рухани мәдениеті (халық ауыз әдебиетін этнографиялық тұрғыдан зерттеу) <i>Алиев А., Аманова Б.</i> Духовная культура Карабахского народа (Этнографическое исследование народной устной литературы) <i>Aliyev A., Amanova B.</i> From the Spiritual Culture of the Population of Karabakh (Ethnographic Study of Folk Tales).....50
<i>Мамедова И. Г.</i> Әзірбайжанның су жүргізу жүйесіндегі кәріздер <i>Mammadova I. G.</i> The Role of Qanat in the Water Supply Sistem of Azerbaijan <i>Мамедова И. Г.</i> Кяхризы в системе водоснабжения Азербайджана.....60
<i>Алиев А.</i> Караязы облысының рухани мәдениеті (Тахла Чуқай халқының материалдары негізінде) <i>Aliyev A.</i> From the spiritual culture of the Karayazi region (based on the materials of the population of Tahla Chukay) <i>Алиев А.</i> Из духовной культуры региона Караязи (на основе материалов населения Тахла Чукай).....73

Тарих/ History / История

<i>Серікбаева С.А., Шаметов С.Т.</i> Қазақ хандығы жауынгерлерінің әскери өнері <i>Serikbayeva S.A., Shametov S.T.</i> Military Art of the Warriors of the Kazakh Khanate <i>Серикбаева С.А., Шаметов С. Т.</i> Военное искусство воинов казахского ханства.....88
<i>Ақтайлақ Б.Б.</i> Қазақстан тарихнамасындағы ақпараттық текетірес: цензура жағдайында баламаларды іздеу <i>Aktailak B.B.</i> Information confrontation in the historiography of Kazakhstan: search for aternatives under conditions of censorship <i>Ақтайлақ Б.Б.</i> Информационное противостояние в историографии Казахстана: поиск альтернатив в условиях цензуры.....100

Ғылым жаңалығы / Science news / Новости науки

<i>Абдукамалова Э. С.</i> Ибраева А.Ф., Мәлікова С.З., Тайшыбай З.С. «XX ғасыр басындағы Солтүстік Қазақстан: Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі» монографиясына, Ибраева А.Ф., Мәлікова С.З., Тайшыбай З.С., Темірханова А. «Қазақстанның солтүстік өңіріндегі Алаш қозғалысы мұрағат деректерінде» мұрағаттық құжаттар және материалдар жинағына шолу.....115

Тарих/ History / История

FTAMP 930.85

<https://doi.org/10.47500/2025.v21.i1.06>

*Серікбаева С.А.,¹ Шаметов С. Т.²

¹Түркістан жоғары медицина колледжі

Түркістан, Қазақстан

²«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы

Түркістан, Қазақстан

*e-mail: s_saule73@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Еуразиялық аймақта соғыс пен әскери өнердің қалыптасуына өзіндік елеулі үлес қосқан ортағасырлық көшпенділердің соғысу әдіс-тәсілдері қарастырылған. Көшпелі өмір салтын әскерилендіру орта ғасырлардағы халықтардың материалдық және рухани мәдениетінде де көрініс тапты. Көшпенділер бірнеше ғасырлар бойы қарсыластарынан әскери-саяси басымдыққа ие болған әскери жүйені құрушылар болғандығын тарихи деректер дәлелдер отыр. Көшпенді халықтардың әскери тарихының көп қырлы мәселелері қазіргі таңда жан-жақты зерттелуде. Алайда, әскери-тарихи тақырып қазіргі таңда қазақстандық тарихнамада жеткілікті зерттелмеген мәселелердің бірі болып отыр. Осы негізде жазылған бұл ғылыми мақаланың мақсаты: қазақ хандығы жауынгерлерінің әскери өнерін зерттеу арқылы олардың соғыс жүргізу тактикасын, қару-жарақ түрлерін, әскери құрылымын және соғыс әдістерін анықтау. Сондай-ақ, қазақ әскери дәстүрінің тарихи дамуын, оның көршілес халықтармен қарым-қатынасын және заманауи әскери өнерге ықпалын талдау. Мақалада қазақ халқының әскери өнері туралы тарихи деректерді талдау мен сараптаудың тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық, индуктивті талдау әдістері бойынша жүргізілді. Бұл зерттеу қазақ халқының әскери мұрасын тереңірек түсінуге және оны қазіргі заман тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді. Қазақ соғыс өнерінің қалыптасуы мен қолданысқа ену кезеңдеріне қатысты деректерді, ғылыми тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, талдау тәсілдеріне басымдық берілді. Қазақ халқының әскери өнері туралы жинақталған деректер мен мәліметтер саралана отырып, ғылыми айналымға ұсынылды.

Кілт сөздер: әскер, қорғаныс, шабуыл, тактика, соғыс, көшпенділер.

Дәйексөз үшін: Серікбаева С.А., Шаметов С.Т. Қазақ хандығы жауынгерлерінің әскери өнері // Мәдени мұра. 2025. №1 (108). 88-99 б.(қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v21.i1.06>

Кіріспе

Зерттеу нысаны болып отырған соғыс өнері туралы қазақ тарихында аңыз-әңгімелер көп болғанымен, ғылыми әдебиеттер мен әлем саяхатшыларының жазбалары, тарихи мәліметтер өте аз, алайда ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандардың, шетелдік ғалымдардың жазбалары негізінде қазақ хандығы жауынгерлерінің стратегиялық және тактикалық маңызын анықтауға тырыстық.

Әлемдік әскери өнердің тәжірибесі мен танымында шабуыл және қорғаныс орындарын таңдай білу жеңіске жетудің басты себептерінің бірі ретінде қарастырылады. Әскери өнердің ғылым ретінде қалыптасу тарихы туралы ізденістерде тарихи деректерді салыстыра отырып талдауға әрекет жасалды. Нақты тарихи деректерге жетелер мәліметті баға жетпес мәдени асыл мұрамыз, ұлы дала көшпенділерінің архиві іспетті ел аузынан тараған аңыз әңгімелерден, жыр – дастандардан табамыз. Онда айтылған оқиғаларда адам аттары мен жер - су атаулары, оқиғалармен байланысты деректер тың зерттеуге қол жеткізуге негіз бола алады.

Жаһандану үрдісі құбылыс пен болмыстың сырын жан – жақты қарастыратын, өзі бастан кешкенді салмақтай, саралай білетін, өз тегінен бастап күллі адамзаттың басынан өткен тарихын сұрыптап, қорытынды жасай алатын тарихи сананы қалыптастыру қажеттігін тудыруда. Тарихи сана арқылы тарихымыздың тереңдігін, осы күнге тынымсыз еңбек пен ізгі мұраттарға ұмтылған ерлікке толы күрес жеткізсе, алдағы күндегі мақсат еткен биікке жету үшін де дәл солай еңбектену қажеттігін түсінеміз. Ол үшін

өткенге үңіле қарап, байқағанымыз бен тапқандарымызды ортаға салу, аңыз, жыр – дастандар арқылы жеткен мұраларымызды заманауи көзқарас тұрғысынан байыптау қажет.

Тарихымыздың бізге жеткен ең басты дерегі - аңыз әңгімелер. Аңыз-әңгімелердің басты оқиғалары шындық өмірден алынғанымен, ауызша айтылып таралғандықтан, толыққан, өзгертілген көркем шығарма. Аңыздар болса, тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты туған дүние. Ел тәуелсіздігін қорғау жолында батыр деп танылған азаматтар әскери элита ретінде дәріптелсе, олардың бір арнаға тоғысқан басты мақсат – мүддесі ел мен жерді қорғау болғандығы анық.

Қазақстандағы XVII-XVIII ғғ. аралығындағы қазақ жасақтарының тактикалық және стратегиялық әдістерінің кезеңдік ерекшеліктерін, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау, оларды тәжірибеге енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Сонымен қатар, қолбасшылардың ел тәуелсіздігін сақтап қалу жолындағы жасаған жауынгерлік іс-әрекеттері әскер ісі тарихының негізгі бір саласы болып табылады. XVII-XVIII ғасырлардағы жаугершілік жылдар қазақ қоғамында көптеген батырлардың есімін тарих сахнасына шығарды, тәуелсіз стратег және тактикалық жоспар құра білетін, құрылған жоспарды іс жүзіне асыруға қабілетті жауынгер етіп қалыптастырды. Зерттеудің басты мақсаты жинақталған ғылыми нәтижелер негізінде тарихи танымымызды толықтырып, халқымыздың әскери тарихын келешек ұрпаққа терең түсінуге бағыттау болып

табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Көшпелілер туралы ғылыми зерттеулер пайда бола бастағаннан-ақ оның негізгі бағыттарының қатарында әскери-тарихи тақырыптар болды. XIX ғасырдың өзінде 1934 жылы Моңғолдардың әскери өнері туралы алғашқы В.Я. Владимирцовтың «Общественный строй манголов» атты еңбегі жарық көрді. Солардың ішінде, көшпенділердің әскери тарихын зерттеудің бастамасы болған генерал-лейтенант М.И. Иваниннің ортағасырлық моңғолдар мен олардың мұрагерлері көшпенділердің әскери табыстарының себептерін олардың мобильді өмір салтымен және соғыс жүргізудегі табиғи қабілетімен байланыстыра қарастырады. Бұл орайда М.И. Иваниннің ұзақ дала жорықтары кезеңінде ірі әскери құрамалардың қозғалысын ұйымдастыру туралы дәлелдері ерекше қызығушылық тудырады.

Қазақстандық ғалым А.Қ. Күшкімбаевтың XIII-XV ғасырлардағы Жошы Ұлысының ортағасырлық көшпенділерінің әскери істерінің тарихын зерттеуге бағытталған бірнеше мақалары және «XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтардың әскер ісі» (Кушкумбаев, 2001:5) атты еңбегі қазақ әскери өнерінің тарихи бастауын ашып көрсетеді. Әскери іс – бұл көшпенділердің әскери тарихының құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен бірге экономиканың, материалдық және рухани мәдениеттің, әлеуметтік, саяси қатынастардың және халықтың өмір салтының ажырамас белгісі, қоғамдық өмірдің барлық аспектілеріне және ең алдымен көшпелілердің бастапқы

мемлекеттік институттарының табиғаты мен ерекшелігіне әсер еткенін көреміз. Алтын Орданың әскери өнері Еуразия көшпелілері – түркі-моңғол халықтары мен мемлекеттеріне ортақ мұра. Алтын Орда мен оны мекендеген халықтардың әскери істерін зерттеудің ғылыми және тәрбиелік мәні бар және өзіндік бірегей мемлекеттілігі болған көшпелі қоғамдардың өркениеттік және этномәдени құбылыстарын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Еуразия халықтарының әскери істерін ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігі де практикалық мәнге байланысты, өйткені елде әлі күнге дейін өзінің әскери-тарихи өткеніне концептуалды (тұтас) көзқарас қалыптаспаған және соның салдарынан әртүрлі бейіндегі оқу орындары үшін жоғары сапалы ғылыми жалпылаулар мен оқу-әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі байқалады. Зерттеу еліміздің әскери-тарихи өткенінің озық үлгілерін пайдалана отырып, қазақстандық жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге және саяси-идеологиялық бағыттауға ықпал етеді.

Қазақ халқының әскери өнері туралы тарихи деректерді талдау мен сараптаудың тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық, индуктивті талдау әдістері бойынша жүргізілді. Қазақ соғыс өнерінің қалыптасуы мен қолданысқа енуі кезеңдеріне қатысты деректерді, ғылыми тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, талдау тәсілдеріне басымдық берілді.

Талдау

Қазақ халқының тарихын зерттегенде оның әскери өнерінің даму тарихы ерекше орын алады. Қазақ әскерінің

қорғаныс және шабуыл тактикасын ұйымдастыра білуі халқымыздың ұлт болып қалыптасуында өзіндік орны бар процесс. Өзінің тарихында үздіксіз жаугершілік заманды басынан өткерген мемлекеттігіміздің қалыптасу кезеңін әскери өнерсіз көзге елестету мүмкін емес.

Ұлы Дала көшпенділері соғыс және әскери өнер саласына өз қолтаңбасын қалдыра білді. Бұл туралы тарихшы А.К. Кушқумбаев: Көшпелі халықтар бірегей әскери жүйені құрушы және соныарқасында бірнеше ғасырлар бойы Ұлы Даладан тысқары қарсыластарынан тәскери-саяси басымдықта болғандығы даусыз (Кушқумбаев, 2001) - деп, пікір білдіреді.

Ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен, халқымыздың басына түскен ауыр сын сағаттарда ержүректілік пен қайрат, ынта - жігер мен қатар, асқан сауаттылығы, кемел ақылы, жағдайды тез бажайлап, алдын болжай отырып әскери әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалана білуі, дұшпанының психологиялық ерекшеліктерін жетік зерттеуі жеңіске жеткізген бірден- бір басты себептер.

Қазыбек бек Тауасарұлы «Ұрыс өнері былай қарағанда аттың, шаптың, найзаластың – көп ақылдың керегі жоқ сияқты. Ал, шынында, мұрат жеңу болғанмен, одан да үлкен мақсат-уәжіп бар. Ол – соғысқа қатысқан өз адамыңды шығындамай, аман алып қалу. Көзсіз ерлік жасау, қызбалық істеу соғыста ғәләбқа жеткізе бермейді» деп пікір білдірсе, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы «Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап алмайды» дейді.

XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдағы

Қазақ соғыс өнерінің әртүрлі тактикалық аспектілері жөнінде С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов, А.К. Кушқумбаев, К.С. Ахметжанов, Т.К. Алланиязовтар еңбек жазып қалдырды (Бобров, 2012).

Атадан – балаға мирас болып келе жатқан жауынгерлік өнер шынтуайтына келгенде әлемдік деңгейдегі соғыс тактикасының өз кезеңіндегі шоқтығы биік жаңалықтары еді.

Тұтқиылдан шапқан жаумен бетпе - бет келмес бұрын ауыл - аймақты, бала - шағаны, қарттар мен әйелдерді аман сақтау мақсатында қорғаныс әдісін ел ағаларымен батырлар жақсы меңгерген. Жау шабуылынан қорғану үшін арбаларды бір-біріне тіркеп, дөңгелете бекініс жасаған. Бұл қорғаныс түрін «күрен» деп атаған. Күрен-бейбіт күндері бір жерге шоғырланған, топталып, ұйлыға отырған шағын ауыл. (Қазақ тілі. түсін.сөз.).

Жаугершілік уақытта қазақ ауылдары осылай алқақотан отырған соғыс кезінде көшпелілердің әскери лагерлері осы әдіспен құрылып, кейде сыртынан топырақ үйіліп, бекініс жасалған. Шабуыл кезінде көшпелілер арбалардан жылжымалы бекініс жасап, жауға тойтарыс берген. Қорғанудың тағы бір түрі табиғи бекіністерді (тау қойнаулары, үңгірлер, шатқалдар, т.б.) пайдалану. Бұдан басқа ірі елді мекендерде немесе қалаларда тастан, балшықтан тұрақты соғылған, сыртынан ор қазылып, су жіберілген бекініс, қамалдар да болғаны белгілі.

Ұрыс тактикасы алдымен шайқас өтетін орынды жете зерттеуден, тактикалық жоспар құрудан басталары анық, қазақ бұл іске жауапты әскери топты шолғыншы дейді. Осы орайда Бағдат Қалаубай «Есіркеп батыр» повесінде «Бөгенбай батыр Жауды

көрмей – ақ көруге болады. Жан-жақтарыңды мұқият бақылаңдар. Сынған бұтақ, тапталған шөп, тіпті сәл ғана жатысын өзгерткен балаусада сенің алдыңда бұл жерден кім өткенін, немесе не жортуылдағанын саған көкірек көзің ұға алса ұқтырады. Құстың ұшуын, қонуын қадағала. Сайраған үніне құлақ түр. Соның бәрі сенің жауыңнан бұрын қамдануыңа көмек» - деп шолғыншылар жасағына тапсырма бергенін суреттейді (Қалаубай, 1999). Бұл әдіс көшпелілердің әріден, сонау сақ заманынан жалғасын тауып келе жатқан, неше тәжірибеден өткен, ысылған, жетілген соғыс өнері екенін айғақтайды.

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының PhD докторанты Арман Әубәкір «Татарлар қашанда жауын ортаға қарай тықсырады, сол арқылы қоршауға алады. Сондықтан ондайдан қатты сақтану керек. Өйткені татарлардың мұндай қоршауында қалған қосын оңай жойылып кетеді. Ешқашан жеңілген жауды ұзақ қууға болмайды, өйткені татарлар бастырма әдісіне өте шебер келеді. Шынтуайтында татарларды батырлықпен жеңіске жетеді дегеннен көрі, айламен жеңіске жетеді деп бағалаған дұрыс» деп П. Карпини жалған шегіну әдісі туралы қайта-қайта айтып, сақтандыруға тырысып бағады. Тұрсын Жұртбай бұл әдісті «шолақ соғыс» десе, кейбір тарихшы-жазушылар басқаша ат қойып, айдар тағуда (Әубәкір, 2015).

Көшпелілердің соғыс тактикасында алдыңғы іріктелген таңдаулы лек шабуылға шыққанда әртүрлі тәсілді пайдаланып жаудың тактикалық жоспарын ыдыратуға, жау сарбаздарының арасында бей - берекет берекесіздік тудыруға, сол арқылы жаудың соғыс жоспарын бұзып,

өздерінің алдын-ала ойластырған қақпанына түсіруге мәжбүрлеген.

Алайда, ойластырылған жоспар барлық уақытта межеден шыға бермесі белгілі, ондай жағдайда тез арада соғыс тәсілін өзгертіп, немесе тез шегініп басқа шешім қабылдап отырған. Бұдан шығатын қорытынды жасақ қолбасшылары соғыс жоспарын құрғанда бір ғана нұсқаны дайындамай бірнеше мүмкін болатын нұсқаларды қарастырған.


Күшібасым жаудан тек қорғанып ғана отырмай, ыңғайлы сәтті құр жібермей қарсы шабуыл ұйымдастырылған. Ол үшін бірнеше әскери тактикалық әдістер «Құйрық жеу», «Айқораланды», «Қоян қашты», «Жекпе-жек», «Үш тоғыс», «Қаша ұрыс салу», «Екі аша», «Үлкәр жәрік», «Көз алдау», «Жылжымалы қамал», «Моңғол диірмені» соғыстары тәжірибеге енгізілген. Бұл әдіс – тәсілдер көпке белгілі және талданған, мәліметтерді де көптеп кездестіруге болатын соғыс өнерінің тактикасы.

Осы орайда Л.А.Бобровтың мына мәліметі мен суретін келтіре кетейік (Сур.1).

Нәтижелер

Жоғарыдағы тізімге ілінбей қалған, аты аталғанымен талдаулар аз жасалған немесе мүлдем зерттелмеген соғыс өнерінің озық үлгілері бар екеніне көзіміз жетті. Олардың қатарына «Барысша құсу», «Ошақ» соғысы, «Аламан» соғыс, «Дода» соғыс, «Хилар» соғысы, «Шұбыртпалы» соғыс, «Жүре» соғыс, «Қатын» соғыстарын жатқызуға болады.

Ғылыми әдебиеттер, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі мен көркем әдебиеттер мәліметтерінен жоғарыдағы әдіс – тәсілдердің атауларын мағынасы



Сур. 1. «Шеңбер бойымен айнала билеу (хоровод)» атты садақшылар. XVI ғ.

Реконструкция жасалған сызба:

1. Алға қарай сол жақтан садақ ату; 2. Сол жақтан ату;
3. Артқа қарай сол жақтан ату;
4. Атты садақшылар жасағының қолбасшысы («жетекші», С. Герберштейн бойынша) тәртіп бұзылмауын қадағалайды;
5. «Айқораланды (Хоровод)» сақинасының сыртқы жағымен қозғала отырып, шабандоздар жабдықтарын реттеп, қорамсақтан жебелерін алып үлгереді. (Бобров, 2013:234)

Осындағы хоровод сөзі біздің айтып отырған «Айқораланды» соғысы.

Fig. 1. Archers Performing the “Circular Dance” (Horovod). 16th century.

Reconstructed diagram:

1. Shooting forward from the left side; 2. Shooting from the left side;
3. Shooting backward from the left side;
4. The commander of the mounted archers unit (“leader”, according to S. Herberstein) ensures that order is maintained;
5. While moving along the outer edge of the “Aiқoralandy (Horovod)” circle, the riders adjust their equipment and retrieve arrows from their quivers. (Bobrov, 2013:234) The term “horovod” here refers to the “Aiқoralandy” battle formation.

мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай саралап, талдауға тырыстық.

Ошақ» соғысы - 2014 жылы жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі» атты 15 томдық сөздіктің 12 томында «Ошақ соғысы – әскери көне атау. Алдын – ала орнын белгілеп, келісілген соғыс. Ошақ соғысында өз жағынан көп адам шығындамай, жау өлімін көбейту тиімді. Онда жаудың үш жығынан шабуыл жасалады» делінген (Қалиев, 2014) «Қазақ тілінің әскери

терминологиясында» да осы мәлімет қайталанады.

«Ошақ» ұғымы қазақ қоғамында қасиетті саналады. Ошақ – белгілі бір нәрсенің орталығы, кіндігі түрінде қолданылады («Індет ошағы, Соғыс ошағы немесе «Ошағы құлап, оты өшті», «Тас ошағының талқанын шығарайын»). Демек, ошақ соғысы, шешуші соғыс, онда соғыс тактикасының көптеген тәсілдері қолданылатын, соғыс өнерінің барлық әрекеттері тоғысқан шешуші

майдан. Онда жаудың үш жағынан шабуыл жасалады деуінің өзі «Ошақтың үш бұты» ұғымымен астасып жатса керек.

Барысша құсу. Ертеде ғұндар соғыс тактикасында барысша құсу деген тәсіл болған, бұл айла аңшылық кәсіпке байланысты пайда болған: таудың қарлы шыңын меткендейтін аш барыс қыстыгүні өз олжасын қиналмай аулау үшін асқазанындағы қоректің қалдығын түлкі, қарсақ мол жүретін етекке әкеп құсып отырады да, соны жеп дәнiккен дәмегөй аңды ініне таяп келгенде бас салатын. Тактика бойынша ғұн қолының азғана тобы шаһарға бекінген қалың жауға шабуыл жасап, олардан жеңілген сыңай танытып қашып, жолға олжа төгіп дәндетіп, біртіндеп оларды далаға шығарып алған соң, жасырын тұрған негізгі қол екі жақтан тап беріп талқандайтын болса керек.

Ғұндардың осы бір соғыс тәсілін қазақ жасақтары күші басым жау қолына тау шатқалдарында өте жиі қолданған. Шығар аузы бір ғана тау шатқалы таңдап алынып, сайдың екі жағына мергендер қойып, сайды жағалап өтетін жолдың басындағы төбелерге тас үйгізіп дайындалып отырады. Шағын әскери топ жау қолының алдынан шыға келіп, қаша жөнеледі де тауға қарай тартады. Жергілікті жер жағдайын жетік білмейтін жау әскері оларды таудың ішіне кіргізіп қамап ұстаймыз деп қуа береді. Сайдың ішіне кіргенде оларға бір мезгілде үйілген тастар домалатылады садақтан, мылтықтан оқ жаудырылады. Сасқан жау сай аузына қайта қашқан кезде оларға тың тұрған жасақ шабуыл жасап, қырып жібереді. Бұл соғыс әдісі ғұндардан қалған «Барысша құсу» әдісінің жер жағдайы мен жау әскерінің

психологиясына қарай өзгертілген, жетілдірілген түрі деп топшылаймыз.

Аламан соғыс. Аламан соғыс бүкіл халық қатысатын үлкен соғыс. Аламан соғыс – елге жау шапқанда халық болып жаппай соғысу (Жанұзақ, 2011). Осы басылымда «Аламандық» сөзіне де түсінік беріледі. «Аламандық – қыңырлық, қиқарлық». «Құлбарақтың 10 адаммен төрт мың жауға шабуыл алды - артын ойламағандық, менмендік, өзінен басқа адамды кісіге санамағандық. Құлбарақтың батырлығында аламандық көрініп тұр» деп, Х. Досмұхамедұлының таңдамалы шығармаларына сілтеме біріледі (Жанұзақ, 2011).

Х. Досмұхамедұлы мамандығы дәрігер бола тұрса да саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы екенін ескерсек жоғарыда келтірілген деректің де кездейсоқтық емес екеніне көз жеткіземіз. Ел арасында ауызекі тілде айтылатын аламан (ұран), аламан бәйге (әр шабандоз өз бетінше), аламан дода (әр көкпаршы өзінше), аламан айтыс (әр ақын өз бетінше әрекет етеді) сөз тіркестерін қоса қорытынды жасар болсақ Аламан соғыс - жау шапқанда жаппай көтерілгенімен әлі бір жүйеге түсіп, бір орталықтан басқарылмаған, тактикалық жоспар құрылмаған, бытыраңқы, әркім өз алдына соғысу іс – қимылдарын жүргізетін шашыраңқы соғыс болған деген тұжырым жасауға болады.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдармен атауларының дәстүрлі жүйесі атты еңбекте «дода» соғысына мынандай анықтама береді: Дода – үстінде көкпарға таласып, үймеленген көкпаршылар тобы, көкпар

тартысы. Додаға түсуі көкпар ойынының шарықтау шегі болып табылады. Еңбекте дода кезінде жүйелі және тұрақты тәртіп сақталмайды делінген (Қазақтың этнограф.категор., 2011).

Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде де «дода – тартыс, көкпар» деп анықтама берілген. Дода соғысы жау әскері жеңіліп, әбден әлсірегенде немесе қоршауда қалып шарасыз күйге түскенде жан - жақтан бөрідей тартып, жүндей түтетін жеңіске жетер шақтағы шайқастың шарықтау шегі. Себебі, ұрыс кезінде дода сияқты жоспарсыз жаппай қимылға қатаң тиым салынғандықтан әскери қолбасшылар жеңіске жететініне толық көзі жеткен соң ғана мұндай әрекетке рұқсат еткен.

Қорытынды

Қазақ жасақтарының соғыста қолданған тактикалық тәсілдерінің қазақ – жоңғар соғысындағы әскери іс – қимылдарда ел тәуелсіздігін сақтап қалуда алар орны елеулі. XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығының әскери жүйесін салыстырар болсақ соңғысының басымдықта ие екенін көреміз. Оған себеп Жоңғарлардың табиғи – географиялық қолайлы мекені мен Ойрат хандары орнатқан қатаң тәртіпке негізделген әскери жүйесі.

Қазақ жасақтарының Жоңғар хандығымен соғысы кезіндегі негізгі әскери құрылымында билер мен батырлардың алар орны ерекше артықшылыққа ие болды. Биліктің жоғарғы эшолонында отырған хандар мен сұлтандардың өзара ауызбіршілігінің болмауы, бақталастығы соғыс жағдайындағы елде басты тұлғаға айналуына кедергі жасады. Жоғарғы буындағы қазақтардың әскери ұйымдық

құрылымы хандардың әскери-саяси үстемдігінің тұрақсыздығымен және солқылдақтығымен сипатталады (Кушкумбаев, 2001).

Қазақ әскери өнерінің дамуы оның әлеуметтік – тұрмыстық тіршілігімен, мекен етіп отырған жер жағдайымен тығыз байланыста болды. Халықтың салт - дәстүрі, әдет - ғұрпының негізінде қалыптасқан тәрбие формасы жауынгерлік өнерді жастардың жетік меңгеруіне үлкен ықпал жасады.

Орталықтандырылған биліктің әлсіз жүйесі қазақ хандарына ауқымды жаулап алу жорықтарын жүргізуге мүмкіндік бермеді. Осы себепті Қазақ жасақтарының жорықтары тек қорғаныстық мақсатпен ғана шектелген. Дегенмен, нақты әскери ұйым, жақсы реттелген ұрыс тактикасы және қазақтардың атыс қаруын жаппай шебер қолдана білуі басқыншылар шабуылына төтеп бере алды.

Қазақ хандығы әскери өнерге толыққанды өзгеріс жасауға талпынбады. Әскерге мылтықтар мен жаңа тактикалық әдістер енгізілгенімен, әскери ұйымдастыру жүйесіне, әскери құрал-жабдықпен қамтамасыз ету ісіне, әскер ісіне жүйелі түрде үйретуге жеткілікті көңіл бөлмеді.

Тарихи деректер мен батырлар жырында есімдері аталмаған қаншама батырлардың есімдері елге белгісіз күйінде қалып отыр. Олардың тарихи жауынгерлік істерін дәріптеу, есімдерін елге таныту заманауи тарих ғылымында қиындық туғызып отырған өзекті мәселе.

Шетелдік тарихшылар қалдырған жазба деректер әр ұлттың, әр мемлекеттің өз мүддесіне сай жазылатынын естен шығармаған абзал. «Аңыз түбі - ақиқат» деген мәтелдің мағынасына үңілсек ұлттық тарихымыздың

түпнұсқа деректері халқымыздың ауыз әдебиетінде екендігіне көз жеткізгендей боламыз. Алайда, ауыз әдебиетінің қаһармандарының ерлік істерін ғылыми тұрғыда дәлелдеу қиындық туғызары

хақ. Осы негізде, өткенді саралай сұрыптап, тарихи білім мен ұлттық сананы санамызға қатар сіңіріп, ұлттық тарихи түпнұсқа деректерімізді тану басты мақсатымыз.

Әдебиеттер

1. Әубәкір А., 2015. Бабалардың соғысу тактикасын Бауыржан Момышұлы білген бе? // Turkystan.kz. 22.04.2015. [Электрондық ресурс]. URL: <https://turkystan.kz/article/2892-babalardy-so-ysu-taktikasy-bauyrzhan-momysh-ly-bilgen-be>
2. Бобров Л.А., 2012. Казахская тактика ведения боя в пешем строю в последней трети XVI – середине XIX вв. Война и оружие. Новые исследования и материалы. Ч. I. СПб.: ВИМАИВиВС. С. 105–135.
3. Бобров Л.А., 2013. Казахская тактика ведения боя в конном строю в конце XV–XVI веках// Война и оружие: Новые исследования и материалы. Труды Третьей международной научно-практической конференции. (СПб, 15-17 мая 2013 г.). С.231-258.
4. Жанұзақ Т., 2011. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы:Арыс-Қазақ тілі баспасы. I том. 360 б.
5. Кушкумбаев А.К., 2001. Военное дело казахов в XVII–XVIII веках. Алматы:Дайк-пресс. 172 с.
6. Қалаубай Б., 1999. Есіркеп батыр. Алматы: Нұрлы әлем баспасы. 212 б.
7. Қалиев.Б., 2014. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Арыс-Қазақ тілі баспасы. 12 том. 128 б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Академик. [Электрондық ресурс]. URL: https://expl_kaz.academic.ru/5426/
9. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 2011. Алматы: DPS. ISBN 978-601-7026-17-2
10. Словарь этнографических терминов. 2012. [Электрондық ресурс]. URL: <http://www.biometrika.tomsk.ru.2012>

Reference

1. Aubakir A., 2015. Babalardyn sogysu taktikasy Bauyrjan Momyshuly bilgen be? [Did Bauyrzhan Momyshuly know the fighting tactics of his ancestors?] // Turkystan.kz. 22.04.2015. [E-source]. URL: <https://turkystan.kz/article/2892-babalardy-so-ysu-taktikasy-bauyrzhan-momysh-ly-bilgen-be> [in Kazakh].
2. Bobrov L.A., 2012. Kazahskaya taktika vedeniya boya v peshem stroyu v poslednei treti XVI – seredine XIX vv. [Kazakh tactics of conducting paint in oven construction in the last 3rd of the XVI - middle of the XIX centuries]. Vojna i oruzhie. Novye issledovaniya i materialy. Ch. I. SPb.: VIMAIViVS. Pp. 105–135. [in Russian]
3. Bobrov L.A., 2013. Kazahskaia taktika vedenia boia v konnom stroiu v konse XV–XVI vekah [Kazakh tactics of combat in mounted formation in the late 15th–16th centuries]// Voina i orujie: Novye issledovaniya i materialy. Trudy Tretei mejdunarodnoi

nauchno-prakticheskoi konferensii (SPb, May, 15-17). Pp. 231-258. [in Russian]

4. Januzaq.T., 2011. Qazaq adebi tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh literary language]. Almaty:Arys-Qazaq tili baspasy. Vol.1.360 p. [in Kazakh].

5. Kushkumbaev.A.K., 2001.Voennoe delo kazahov v XVII–XVIII vekah [Military affairs of the Kazakhs in the 17th–18th centuries]. Almaty:Daik-press. 172 p. [in Russian]

6. Qalaubai B., 1999. Esirkep batyr [Esirkep batyr]. Almaty: Nurly alem. 212 p. [in Kazakh].

7. Qaliev.B., 2014. Qazaq adebi tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh literary language]. Almaty: Arys-Qazaq tili baspasy. Vol. 12. 128 p. [in Kazakh].

8. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. [E-source]. URL: https://expl_kaz.academic.ru/5426/ [in Kazakh].

9. Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhujesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Encyclopedia. Almaty: DPS. ISBN 978-601-7026-17-2 [in Kazakh].

10.Slovar etnograficheskikh terminov [Dictionary of ethnographic terms]. 2012. [E-source]. URL: <http://www.biometrika.tomsk.ru> [in Russian]

***Серікбаева С.А.¹, Шаметов С.Т.²**

¹Туркестанский высший медицинский колледж

Туркестан, Казахстан

² Государственный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан»

Туркестан, Казахстан

*e-mail: s_saule73@mail.ru

ВОЕННОЕ ИСКУССТВО ВОИНОВ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

Аннотация. В научной статье рассматриваются методы и приемы борьбы средневековых кочевников, внесших свой значительный вклад в становление войны и военного искусства в Евразийском регионе. Военизация кочевого образа жизни отразилась в материальной и духовной культуре народов Средневековья. Исторические данные свидетельствуют о том, что кочевники были создателями военной системы, которая на протяжении нескольких столетий имела военно-политическое превосходство над соперниками. Многогранные проблемы военной истории кочевых народов в настоящее время изучаются всесторонне. Однако военно-историческая тема в настоящее время остается одной из недостаточно изученных в казахстанской историографии. Целью данной статьи является определение тактики ведения войны, видов вооружения, военной структуры и методов ведения войны бойцов Казахского ханства путем изучения их военного искусства. Также анализируется историческое развитие казахской военной традиции, ее взаимоотношений с соседними народами и влияния на современное военное искусство. В статье проведен анализ исторических данных о военном искусстве казахского народа по методике историко-сравнительного и историко-типологического, индуктивного анализа. Данное исследование позволяет

глубже понять военное наследие казахского народа и оценить его с позиций современности. Приоритет отдавался подходам сравнения, анализа, направленным на раскрытие данных, содержания научно сформулированных фактов, относящихся к периодам становления и введения в действие казахского военного искусства. Обобщенные данные и сведения о военном искусстве казахского народа были представлены в научный оборот с дифференциацией.

Ключевые слова: армия, оборона, нападение, тактика, война, кочевники.

Для цитирования: Серикбаева С.А., Шаметов С. Т. Военное искусство воинов казахского ханства // Мәдени мұра. 2025. №1 (108). 88-99 с.(рус.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v21.i1.06>

***Serikbayeva S.A.¹, Shametov S.T.²**

¹Turkestan Higher Medical College
Turkestan, Kazakhstan

²State Historical and Cultural Museum-Reserve "Aziret Sultan"
Turkestan, Kazakhstan

*e-mail: s_saule73@mail.ru

MILITARY ART OF THE WARRIORS OF THE KAZAKH KHANATE

Abstract. The article examines the methods and techniques of medieval nomads who made a significant contribution to the development of warfare and military art in the Eurasia. The militarization of the nomadic way of life was reflected in the material and spiritual culture of the peoples of the Middle Ages. Historical evidence suggests that the nomads were the creators of a military system that had military and political superiority over its rivals for several centuries. The multifaceted problems of the military history of nomadic peoples are currently being studied comprehensively. However, the military-historical topic currently remains one of the insufficiently studied in Kazakh historiography.

This article examines the tactics, structure, warfare methods, and weaponry of the Kazakh Khanate through its military art. It analyzes the evolution of Kazakh military traditions, their ties with neighboring peoples, and their impact on modern warfare using historical-comparative, typological, and inductive methods. This study enhances our understanding of Kazakh military heritage through comparative analysis, revealing key facts about its formation and development. It introduces differentiated data on Kazakh military art into scientific discourse.

Keywords: army, defense, attack, tactics, war, nomads.

For citation: Serikbayeva S.A., Shametov S.T. Military Art of the Warriors of the Kazakh Khanate // Madeni mura. 2025. №1 (108). 88-99 p. (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v21.i1.06>

Авторлар туралы мәлімет:

1. Серікбаева Сауле Абиловна, «Қазақстан тарихы» пәнінің оқытушысы, Түркістан жоғары медицина колледжі, Түркістан, Қазақстан.

ORCID: 0009-0005-3280-0891

2. Шаметов Сакен Таласбекұлы, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан.

ORCID: 0000-0003-4783-2384

Сведения об авторах:

1. Серікбаева Сауле Абиловна, преподаватель предмета «История Казахстана», Туркестанский высший медицинский колледж, Туркестан, Казахстан.

ORCID: 0009-0005-3280-0891

2. Шаметов Сакен Таласбекулы, научный сотрудник Государственного историко-культурного музея-заповедника «Әзірет Сұлтан», Туркестан, Казахстан.

ORCID: 0000-0003-4783-2384

Information about the authors:

1. Serikbayeva Saule Abilovna, Lecturer of the subject "History of Kazakhstan", Turkestan Higher Medical College, Turkestan, Kazakhstan.

ORCID: 0009-0005-3280-0891

2. Shametov Saken Talasbekuly, Researcher at the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Aziret Sultan", Turkestan, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-4783-2384